Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

9 февраля
2024 года
ПЯТНИЦА
№ 12 (1612)

**ТЕМА НОМЕРА:**

**И каждый штрих или мазок душой художника сияет**

СТР.4

Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в saran_today, saran_gazeti sarangazeti

ҚАЛА КҮНІНЕ ОРАЙ

## ҚАЛА ЖҰРТШЫЛЫҒЫ КӨЗ ТІККЕН КӨРМЕ



Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

**Қалалық мәдениет үйінде Саран қаласының 70 жылдық мерейтойына орай «Саран: кеше, бүгін, ертең» атты көрмесі ұйымдастырылды.**

Кеше қалалық мәдениет үйінің екінші қабатындағы фойесі ерекше түрленіп, қала жұртшылығымен толықты. Оған бірде-бір себеп – береке-бірлікке ұйып, туыстықты ту етіп көтерген, ағайындықты бауырластыққа ұластырған қала азаматтарының әр кездегі жүздесулері бейнеленген көрме еді.

Көрмеге кірген бетте сәндік-қолданбалы шығармашылықтың халық шебері Б.Бекташеваның авторлық туындылары мен Саран қаласының тұрғыны Евгений Николаевич Мурашовтың суреттері көзге оттай басылып, келушілердің назарын өзіне қаратты.

Одан бөлек балалар өнер мектебінің оқытушылары мен шәкірттері аталмыш көрмеге арнайы қаланың мерейтойына орай ең әдемі деген 70 суретін паш еткен. Болашақ қылқалам шеберлері ақ қағаз бетіне Саран қаласының елеулі деген жерлерін, ескерткіштерін, әсем ғимараттарын айнытпай етіп салуға бар жігерін салыпты. Көпшілігі жас балалардың шеберлігіне дән риза. Сондай тұрғындардың бірі - Жанар Демеуқызы.

- Мен өзім Саранда 20 жыл тұрамын. Тұрмысқа шыққалы осында тұрамын. Қаланың жиырма жылдағы өзгерістері байқалады. Өте тамаша көрме деп ойлаймын, - деп өз әсерімен бөлісе кетті Саран қаласының тұрғыны Жанар Демеуқызы.

Көрме тек суреттер мен мүсіндермен ғана шектелмеді. Қазақ елінің даласы, жылдың төрт мезгіліндегі Табиғат-Ананың сан түрлі көріністері, тарихи оқиғалар мен қалаға келген мәртебелі меймандармен емін-еркін дидарласулар, жылы шырайлы жүздесулерге толы фотосуреттермен толыққан. Көрмеге қатысқан ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұмабике Токушева – қаламыздың құрдасы. Қабырғада ілініп тұрған фотосуреттердің арасынан өзінің суретін тапқан.

- Менің де суретім бар. 1975 жылы түскен. Онда мен жиырма бірдемін. Саранға мен 1974 жылы жас маман болып келгенмін. Содан бері тұрып жатырмын. Мен де 70-ке келем биыл. Көп нәрсеге үйрендім осында. Қаламыз жылдан жылға көркейіп келеді, - деп атап өтті ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Қаламыздың тағы бір тұрғыны суреттерге қарап, бір сәтке болсын қайта балалық шаққа оралғандай әсерге бөленіпті.

- Әдемі көрме екен. Жақсы істелінген. Мен осында дүниеге келдім. Ескі суреттерге қарап, осының бәрін есіме түсіріп отырмын, - деді қала тұрғыны Андрей Куликов.

«Саран: кеше, бүгін, ертең» атты көрмесі осы аптаның аяғына дейін жалғаспақ. Келем деушілерге қалалық мәдениет үйінің есігі әрдайым ашық. Тіпті мерейлі датаға орай кез келген қала тұрғыны қаламызда түскен ретро суретін әкеліп, фотогалерияны толықтыруға өз үлесін қоса алады.



## Глава государства провел расширенное заседание Правительства



Под председательством Президента Касым-Жомарт Токаева состоялось расширенное заседание Правительства. В заседании приняли участие Премьер-министр Олжас Бектенов, Руководитель Администрации Президента Айбек Дадебаев, члены Правительства, председатель Национального банка, акимы областей и городов Астаны, Алматы и Шымкента, руководители центральных государственных органов и национальных компаний.

**Читайте далее на сайте akorda.kz**

РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

## ВОПРОСЫ ВЗЯТЫ НА КОНТРОЛЬ




Надежда ЦХАЙ

**В минувший вторник депутаты О. Баймаганбетов и Н.Тажибаева провели прием граждан по личным вопросам. Прием состоялся в рамках деятельности мобильной общественной приемной городского филиала партии «AMANAT».**

Прием проводился специально для жителей района РТИ в школе – интернате №7. Всего было задано порядка двадцати вопросов и большая часть из них касалась сферы жилищно – коммунального хозяйства. Так, горожане обратились с вопросами по теплоснабжению, своевременной очистке дорог района от снега, о ремонте облицовки фасада восстановленного дома №13 и многое другое.

Кроме этого, немало вопросов было задано от жителей микрорайона «Химик». Здесь целый блок вопросов касался газификации, возможности проведения центральной канализации, а также водоснабжения от законсервированной скважины в микрорайоне «Химик», асфальтирования улиц данного района и т.д.

Также были заданы вопросы о строительстве новой детской площадки и ремонте старой, уже имеющейся, открытии новых секций для детей младшего школьного возраста.

Все вопросы депутаты взяли на контроль.

## КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІНЕ ОРАЙ

# ТӘРБИЕ МЕН ТАНЫМДЫ ҰШТАСТЫРҒАН

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

**5 ақпан күні №2 жалпы білім беретін мектепте Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай және «ДосболLIKE: достық қолын ұсын» республикалық акциясы аясында жауынгер-интернационалист Кобыльский Иван Александровичке арнап жауынгерлік парақ шығарылды.**



«Вся жизнь идёт как по приказу» атты жауынгерлік парақтан Иван Александровичтың өмірлік жолын, тарихтан сыр шертетін естелік суреттерін көруге болады. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Илья Карповтың айтуы бойынша, Кобыльский Иван Александрович – 1979-1983 жылдары Ауғанстанда офицер шенімен қызмет еткен. «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

- Жауынгерлік парақта жауынгер-интернационалистің әскердегі, Ауғанстандағы қызметтін, әскери комиссариаттағы жұмысын және кең қоғамдық қызметін көрсететін фотосуреттер бар,- деп өз сөзінде атап өтті Илья Карпов.

Сондай-ақ, «Жас Сарбаз» сыныбының оқушысы Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай жаңартылған мұражай экспозициясына шолу жасап, ондағы мағлұматтармен таныстыра кетті.

№2 жалпы білім беретін мектебі ылғи өзінің белсенділігімен көзге ерек түсіп жүрген білім ордаларының бірі. Әрдайым оқушылардың зейінін арттыруға бағытталған тағылымды іс-шаралардың басы-қасында жүреді. Жаза кететін жайт, 17 қаңтардан бастап «ДосболLIKE: достық қолын ұсын» республикалық акциясы аясында орта буын оқушылары арасында шаңғы жарысы, «Балалар академиясының» екінші отырысы,



«Жас Сарбаз» сынып оқушылары арасында Кеңес Одағының батыры Нұркен Әбдіровті еске алуға арналған оқ атудан турнир, «Балалар ғылым академиясының» отырысы, «Достықты өлеңмен айтайық» атты көркем сөз сайысы, мектептің мәжіліс залында «Балалар достықты салады» атты сурет көрмесі, білім ордаьның кітапханасында «Достық туралы көп кітаптар жазылған» атты оқу конференциясы, жоғары сынып оқушылары үшін «Достық пен мейірімділік» сабағы, «Достық пен келісімнің шуағы» атты тренингі және «Ұрпақтар достығы» атты қалалық ардагерлер кеңесінің кеңесінде іс-шара ұйымдастырылды. Одан бөлек, КСРО Суретшілер Одағының мүшесі, Ұлы Отан соғысының ардагері Ворохобин Владимир Кузьмичтің «Тірі болғанша, мен бұл жерді жазуды, сұлулықтың кез-келген көрінісіне таңдануды ешқашан тоқтатпаймын» атты көрмесі өткізілді.

Аталмыш білім ордасында тәрбие мен танымды ұштастыра білген «ДосболLIKE: достық қолын ұсын» республикалық акциясы әлі де 17 ақпанға дейін жалғасатын болады.

## ЖИЗНЬ ГОРОДА

# ПУСТЬ СБУДУТСЯ ВСЕ ХОРОШИЕ ПОЖЕЛАНИЯ!

Надежда ЦХАЙ

**В общеобразовательной школе имени Абая состоялось торжественное открытие спортивного зала.**





Безусловно, для педагогов, родителей и самих школьников это значимое событие, ведь до сих пор здесь не было спортивного зала, а теперь ребята будут заниматься в новом уютном теплом современном помещении. Стоит отметить, что спортивный зал – это целый комплекс, состоящий из двух этажей, с душевыми помещениями, тренажерным залом, тренерскими и т.д.

В этот день на торжественном открытии все собрались, чтобы искренне порадоваться за ребят и педагогов. Много теплых слов и пожеланий произнесли аким города Е. Баулыков, председатель маслихата О. Баймаганбетов, заместитель руководителя Управления образования А. Болкебаев, общественный деятель С. Мустафин, председатель Попечительского совета Е. Тажитаев и многие другие. Также в церемонии торжественного открытия приняли участие заместитель акима С. Бейскеев, председатель Общественного совета К. Омаров, руководитель Отдела образования А. Бактыбаев и многие другие. Немало поздравлений прозвучало и при разрезании традиционной ленты, символизирующей торжественное открытие и успешный старт нового проекта.

В этот день спортивный зал





был полон гостей – самих ребят, и конечно, родителей, бабушек и дедушек, педагогов, искренне радующихся за учащихся школы, которые будут теперь заниматься здесь.

Ну что ж, надеемся, что теперь новых спортивных побед будет значительно больше! А новые чемпионы, выросшие в этом зале, покорят самые смелые вершины мировых спортивных арен! Удачи и успешных стартов!

ROBOLAND 2024

# ТАЛАНТТЫ ЖАСТАРДЫҢ ТАЛАБЫ ТАУДАЙ

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

**Қаламыздың жас дарын иелері «RoboLand 2024» IX халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінің қалалық іріктеу кезеңіне қатысып, техника мен роботтың тілін қалай түсінетіндігін іс жүзінде көрсетті.**




2 ақпан күні қалалық мәдениет үйінің қабырғасында «RoboLand 2024» IX халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінің қалалық іріктеу кезеңі басталды. Қалалық білім бөлімінің мұрындық болуымен Жас техниктер станциясының ұйымдастыруымен өткізілген шарада ең алғаш болып Саран қаласы білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Дәурен Бейсенұлы сөз алды. Оның айтуы бойынша, аталмыш жарыс жыл сайын өтіп, көптің назарына түсіп, балалардың қызығушылығын оятуда.

- Жылда әртүрлі деңгейде балалар неше түрлі өздерінің жұмыстарын көрсетіп жатыр. Бұл тек қана балалардың жетістігі ғана емес, сонымен қатар балаларды дайындап жүрген мұғалімдердің де жетістігі. Жыл бойы жиналған еңбектің нәтижесі осы бүгін саралanatын болады, - деп атап өтті өз сөзінде Дәурен Бейсенұлы.

Биыл қалалық іріктеу кезеңі екі күнге созылған. 2 ақпан күні негізгі алты санат: «Сызық бойынша жүру», «Басқарылатын роботтардың шағын футболы», «Шығармашылық санат», «Роботты жина», «Робогеометрия», «Робомаус» бойынша өткізілсе, 7 ақпан күні «Теңге алу», «Лабиринт», «Биатлон», «Кегельринг – квадро», «Сумо» сынды бес санат қосылды.

Ұйымдастырушылар балалардың қабілетін жетілдіруге мол мүмкіндік жасау үшін соңғы екі жыл ішінде жаңашылдық енгізіп келеді. Мәселен, былтыр «Робогеометрия» санаты кірсе, биыл күні кеше ғана өткен бес санат бойынша бірінші рет бақ сынасты. Бәрінен қуантатыны, қатысушылардың саны көбейіп, балалардың білім-ғылымға деген ынтасы ашылуда.

Осы жолы «RoboLand 2024» фестивалінің қалалық іріктеуіне білім ордаларынан, бөбекжай-балабақшаларынан жүзден астам қатысушы, елу бес команда жиналды.

- Яғни, қазірдің өзінде балалардың саны өскені өте керемет. Бүгінгі нәтижелер бойынша халықаралық жарыстарда Саран қаласы әлі де өзін көрсетеді деген зор үміт бар,- деді қалалық Жас техниктер станциясы директорының міндетін атқарушы Дарья Мациевская.

Жастайынан ғылым мен техникаға әуестене бастаған балалар әр санатқа, жүктелген тапсырмаға аса жауапкершілікпен қараған. Жарысқа мұқият дайындалып, өздерінің роботтарын арқалап келген.

Сондай білім алушылардың бірі №17 мектеп-гимназиясының 7-сынып оқушысы Владислав Орлов. Он екі жастағы дарын иесі осыдан төрт ай бұрын робототехникаға қызыға бастаған. Биыл алғаш рет «Сызық бойынша жүру» санатына қатысып, өз бағын сынап көрген.

- Бәрі қызық, маған ұнап жатыр. Келесі жолы да қатысып көремін, - деп өз ойымен бөлісе кетті мектеп оқушысы.

Сондай-ақ, №1 мектеп-лицейінде 10-сынып оқып жүрген Данияр Байдаров арнайы жарысқа өзінің ойлап тапқан гидропоникасын алып келді. Ол даладағы қарға қарамастан, үй жағдайында қараша айында салат жапырақтарын өсіріп көрген. Өзінің жасаған арнайы технологиясымен салат жапырағынан бөлек, базилик, қызанақ, тәтті болгар бұрышын да отырғызып, бүгінде тұқымнан жап-жасыл өскін шығарып отыр.

- Менің мақсатым – мүлдем жерді қолданбау. Керамзит – бұл тастар. Негізгі қорек: су, күн, оттегі және фосфор, калий, натрий секілді тыңайтқыштардан алынады, - деді Данияр Байдаров

Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ілгерілету, инновациялық қызметті танымал ету, білім беру робототехникасы саласында озық тәжірибемен алмасу мен мықты робототехникалық командаларды анықтау мақсатында ұйымдастырылған қалалық іріктеудің нәтижесі бойынша: «Басқарылатын роботтардың шағын футболы» санатында №17 мектеп-гимназиясы 1-орынға, №6 жалпы білім беретін мектеп 2-орынға, Жас техниктер станциясы 3-орынға ие болды.

Ал «Сызық бойынша жүру» санатында №17 мектеп-гимназиясы 1-орынға, Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп 2-орынға, №16 жалпы білім беретін мектеп 3-орынға жайғасты. «Роботты жинау level 1» санатында №17 мектеп-гимназиясы 1-орынмен, №1 мектеп-лицейі 2-орынмен, Жас техниктер станциясы мен «Бахыт» кешенді мектеп-бөбекжайы 3-орынмен марапатталды. «Роботты жинау level 2» санатында №17 мектеп-гимназиясы 1-орын, Жас техниктер станциясы 2-орын, №6 жалпы білім беретін мектеп 3-орын алды.

Сондай-ақ, «Шығармашылық санат» бойынша №17 мектеп-гимназиясы мен №7 мектеп-интернаты 1-орынды, Жас техниктер станциясы 2-орынды, №6 жалпы білім беретін мектеп пен №17 мектеп-гимназиясы 3-орынды иеленді. «Робогеометрия level 1» санатында №17 мектеп-гимназиясы 1-орын мен 2-орынды, Жас техниктер станциясы да 2-орынды иеленді. №13 жалпы білім беретін мектебі болса 3-орынға ілікті. «Робогеометрия level 2» санатында №17 мектеп-гимназиясы 1-орынды ешкімге бермесе, №1 мектеп-лицейі 2-орынға жайғасты, ал 3-орынды №6 жалпы білім беретін мектеп алды. Ең кішкентай балалар қатысқан «Robotmouse» санатында «Малыш» бөбекжай-балабақшасы 1-орынды, «Бахыт» кешенді мектеп-бөбекжайы 2-орынды, №17 мектеп-гимназиясы 3-орынды иеленді.

«Сумо» санатында 1-орынды №16 жалпы білім беретін мектебі, 2-орынды №17 мектеп-гимназиясы және 3-орынды №1 мектеп-лицейі алды. «Кегельринг-квадро x2» санатында №16 жалпы білім беретін мектеп 1-орынмен, №17 мектеп-гимназиясы 2-орынмен, №1 мектеп-лицейі 3-орынмен марапатталды. «3Д прототиптеу» санатында №17 мектеп-гимназиясы мен №1 мектеп-лицейі 1-орынды бөлісті. «Лабиринт», «Биатлон» санаттарында көп жарыс түрлерінен оза шапқан №17 мектеп-гимназиясы 1-орынды иеленді.

Қалалық кезеңнен сүрінбей өткен балалар енді ақпан айында өтетін облыстық жарысқа, одан бағы жанғандар халықаралық деңгейде өнер көрсетпек. Талабы таудай, білімге, ғылымға құштар жас дарын иелеріне сәттілік тілейміз!












ROBOLAND 2024

# ТАЛАНТТЫ ЖАСТАРДЫҢ ТАЛАБЫ ТАУДАЙ

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

**Қаламыздың жас дарын иелері «RoboLand 2024» IX халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінің қалалық іріктеу кезеңіне қатысып, техника мен роботтың тілін қалай түсінетіндігін іс жүзінде көрсетті.**




2 ақпан күні қалалық мәдениет үйінің қабырғасында «RoboLand 2024» IX халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінің қалалық іріктеу кезеңі бастау алды. Қалалық білім бөлімінің мұрындық болуымен Жас техниктер станциясының ұйымдастыруымен өткізілген шарада ең алғаш болып Саран қаласы білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Дәурен Бейсенұлы сөз алды. Оның айтуы бойынша, аталмыш жарыс жыл сайын өтіп, көптің назарына түсіп, балалардың қызығушылығын оятуда.

- Жылда әртүрлі деңгейде балалар неше түрлі өздерінің жұмыстарын көрсетіп жатыр. Бұл тек қана балалардың жетістігі ғана емес, сонымен қатар балаларды дайындап жүрген мұғалімдердің де жетістігі. Жыл бойы жиналған еңбектің нәтижесі осы бүгін сараланатын болады, - деп атап өтті өз сөзінде Дәурен Бейсенұлы.

Биыл қалалық іріктеу кезеңі екі күнге созылған. 2 ақпан күні негізгі алты санат: «Сызық бойынша жүру», «Басқарылатын роботтардың шағын футболы», «Шығармашылық санат», «Роботты жина», «Робогеометрия», «Робомаус» бойынша өткізілсе, 7 ақпан күні «Теңге алу», «Лабиринт», «Биатлон», «Кегельринг – квадро», «Сумо» сынды бес санат қосылды.

Ұйымдастырушылар балалардың қабілетін жетілдіруге мол мүмкіндік жасау үшін соңғы екі жыл ішінде жаңашылдық енгізіп келеді. Мәселен, былтыр «Робогеометрия» санаты кірсе, биыл күні кеше ғана өткен бес санат бойынша бірінші рет бақ сынасты. Бәрінен қуантатыны, қатысушылардың саны көбейіп, балалардың білім-ғылымға деген ынтасы ашылуда.

Осы жолы «RoboLand 2024» фестивалінің қалалық іріктеуіне білім ордаларынан, бөбекжай-балабақшаларынан жүзден астам қатысушы, елу бес команда жиналды.

- Яғни, қазірдің өзінде балалардың саны өскені өте керемет. Бүгінгі нәтижелер бойынша халықаралық жарыстарда Саран қаласы әлі де өзін көрсетеді деген зор үміт бар,- деді қалалық Жас техниктер станциясы директорының міндетін атқарушы Дарья Мациевская.

Жастайынан ғылым мен техникаға әуестене бастаған балалар әр санатқа, жүктелген тапсырмаға аса жауапкершілікпен қараған. Жарысқа мұқият дайындалып, өздерінің роботтарын арқалап келген.

Сондай білім алушылардың бірі №17 мектеп-гимназиясының 7-сынып оқушысы Владислав Орлов. Он екі жастағы дарын иесі осыдан төрт ай бұрын робототехникаға қызыға бастаған. Биыл алғаш рет «Сызық бойынша жүру» санатына қатысып, өз бағын сынап көрген.

- Бәрі қызық, маған ұнап жатыр. Келесі жолы да қатысып көремін, - деп өз ойымен бөлісе кетті мектеп оқушысы.

Сондай-ақ, №1 мектеп-лицейінде 10-сынып оқып жүрген Данияр Байдаров арнайы жарысқа өзінің ойлап тапқан гидропоникасын алып келді. Ол даладағы қарға қарамастан, үй жағдайында қараша айында салат жапырақтарын өсіріп көрген. Өзінің жасаған арнайы технологиясымен салат жапырағынан бөлек, базилик, қызанақ, тәтті болгар бұрышын да отырғызып, бүгінде тұқымнан жап-жасыл өскін шығарып отыр.

- Менің мақсатым – мүлдем жерді қолданбау. Керамзит – бұл тастар. Негізгі қорек: су, күн, оттегі және фосфор, калий, натрий секілді тыңайтқыштардан алынады, - деді Данияр Байдаров

Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ілгерілету, инновациялық қызметті танымал ету, білім беру робототехникасы саласында озық тәжірибемен алмасу мен мықты робототехникалық командаларды анықтау мақсатында ұйымдастырылған қалалық іріктеудің нәтижесі бойынша: «Басқарылатын роботтардың шағын футболы» санатында №17 мектеп-гимназиясы 1-орынға, №6 жалпы білім беретін мектеп 2-орынға, Жас техниктер станциясы 3-орынға ие болды.

Ал «Сызық бойынша жүру» санатында №17 мектеп-гимназиясы 1-орынға, Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп 2-орынға, №16 жалпы білім беретін мектеп 3-орынға жайғасты. «Роботты жинау level 1» санатында №17 мектеп-гимназиясы 1-орынмен, №1 мектеп-лицейі 2-орынмен, Жас техниктер станциясы мен «Бахыт» кешенді мектеп-бөбекжайы 3-орынмен марапатталды. «Роботты жинау level 2» санатында №17 мектеп-гимназиясы 1-орын, Жас техниктер станциясы 2-орын, №6 жалпы білім беретін мектеп 3-орын алды.

Сондай-ақ, «Шығармашылық санат» бойынша №17 мектеп-гимназиясы мен №7 мектеп-интернаты 1-орынды, Жас техниктер станциясы 2-орынды, №6 жалпы білім беретін мектеп пен №17 мектеп-гимназиясы 3-орынды иеленді. «Робогеометрия level 1» санатында №17 мектеп-гимназиясы 1-орын мен 2-орынды, Жас техниктер станциясы да 2-орынды иеленді. №13 жалпы білім беретін мектебі болса 3-орынға ілікті. «Робогеометрия level 2» санатында №17 мектеп-гимназиясы 1-орынды ешкімге бермесе, №1 мектеп-лицейі 2-орынға жайғасты, ал 3-орынды №6 жалпы білім беретін мектеп алды. Ең кішкентай балалар қатысқан «Robotmouse» санатында «Малыш» бөбекжай-балабақшасы 1-орынды, «Бахыт» кешенді мектеп-бөбекжайы 2-орынды, №17 мектеп-гимназиясы 3-орынды иеленді.

«Сумо» санатында 1-орынды №16 жалпы білім беретін мектебі, 2-орынды №17 мектеп-гимназиясы және 3-орынды №1 мектеп-лицейі алды. «Кегельринг-квадро х2» санатында №16 жалпы білім беретін мектеп 1-орынмен, №17 мектеп-гимназиясы 2-орынмен, №1 мектеп-лицейі 3-орынмен марапатталды. «3Д прототиптеу» санатында №17 мектеп-гимназиясы мен №1 мектеп-лицейі 1-орынды бөлісті. «Лабиринт», «Биатлон» санаттарында көп жарыс түрлерінен оза шапқан №17 мектеп-гимназиясы 1-орынды иеленді.

Қалалық кезеңнен сүрінбей өткен балалар енді ақпан айында өтетін облыстық жарысқа, одан бағы жанғандар халықаралық деңгейде өнер көрсетпек. Талабы таудай, білімге, ғылымға құштар жас дарын иелеріне сәттілік тілейміз!












# И каждый штрих или мазок душой художника сияет



Директор АРТ-галереи «MONARBAT» художник Кайрат КЭЙ-КЭЙ Кожухов



Картина "Акимат". Художник Светлана STAR поэтическая зарисовка Юлии Селивановой

Татьяна СТРЕЛЬЧУК

**Арт-галерея «MONARBAT» Дома культуры нашего города. Невозможно пройти мимо представленных на ней работ, будь то картины, скульптура, фотографии. Ведь в них-наша жизнь, наполненная эмоциями, впечатлениями, сокровенными мыслями. И именно эти работы заставляют нас задуматься о смысле жизни, учат милосердию и доброте. Это, как взгляд изнутри-пристальный, изучающий, помогающий осознать свою миссию на планете Земля.**

В начале февраля, в Арт-галерее «MONARBAT» Молодежным ресурсным центром была организована творческая встреча с известными художниками региона - Кожуховым Кайратом Канатовичем, Таракановой Светланой Владимировной, Мукушевым Бекеном Раимкуловичем. Очень талантливыми, неординарными личностями, чьи картины созданы вдохновением и бесконечной любовью к нашему любимому городу, к родному краю.

Художники рассказали о своем творческом пути, поделились историей успеха, планами на будущее.

Разрешите предоставить вам фрагменты беседы с ними:

**Художник Кайрат КЭЙ-КЭЙ Кожухов, директор АРТ-галереи «MONARBAT»:**

- Логотип АРТ-Галереи «MONARBAT» был придуман ещё в 1996 году, когда я официально открыл свою Художественную Мастерскую. Это название составлено из двух слов - «МОН» и «АРБАТ». В перестроечные годы, в конце 80-х прошлого века, я рисовал на Московском Старом Арбате. Это были самые запоминающиеся дни - дух ПЕРЕСТРОЙКИ витал повсюду. Музыканты, Поэты, Художники вышли из своих мастерских на улицу и наполнили Старый Арбат от кинотеатра «Художественный» до театра Вахтангова. Практически каждый день на Арбате работали около 80 художников ... Конкуренция была невероятная, но именно это творческое соперничество позволяло быстро развиваться и совершенствовать своё мастерство. С тех пор я считаю, что УЛИЧНОЕ рисование - это самая мощная школа рисования. И вот когда достигаешь такого уровня, когда к тебе выстраивается очередь желающих нарисоваться, хотя рядом сидят другие свободные художники, то начинаешь понимать и осознавать уровень своего мастерства. Поэтому Московский АРБАТ для меня очень дорог - там я познал свои возможности и сумел хорошо заработать ... Позже, в 1995 году, я был приглашён с группой кинематографистов на кинофестиваль Русского Кино во Францию. Оказавшись в Париже, первым делом посетил знаменитую площадь «МОНМАРТР», где рисовали знаменитые художники прошлого века - Пабло Пикассо, Амедео Модильяни, Анри Матисс и другие художники-импрессионисты. «МОНМАРТР» принято считать МЕККОЙ художников! Вернувшись из Франции я решил назвать свою Мастерскую - «МОНАРБАТ»: к «МОН» - от слова «МОНМАРТР» - я добавил «АРБАТ» - вот так родилось название моей мастерской, а потом и галереи.

Более того, «МОН» с французского означает «МОЙ» - в итоге у названия получается особый смысл - «Мой Арбат»! Придумав название, в том же 1996 году я нарисовал сам ЛОГОТИП, где каждая БУКВА имеет свой смысл.

Буква «М» нарисована в стиле ЗЕБРЫ, то есть подразумевается, что всё в этом мире состоит из противоположностей: день-ночь, добро-зло, мужчина-женщина и т.д. Буква «О» изображена в виде поцелуя, как бы говоря, что делаю я всё с любовью. Буква «Н» нарисована, как киноплёнка, так как в моём творчестве кино занимает особое место. «А» - в виде брусчатки, как напоминание о Московском Арбате. «Р» изображена в виде камчи, то есть кнута, так как у казахов это особый национальный атрибут. «Б» - штрих-код, то есть выполняемое мною является авторской работой. Вторая «А» нарисована, как отпечаток большого пальца - подразумевается, что делаю всё своими руками. И в завершении буква «Т» исполнена, как часть кроссворда, то есть подразумевается, что я берусь за любую работу ...

Вот такая расшифровка логотипа моей АРТ-Галереи «MONARBAT», в которой я стараюсь сохранить свободный ДУХ Московского Арбата времён ПЕРЕСТРОЙКИ и предоставить это творческое пространство для реализации своих талантов всем желающим.



**Светлана STAR Тараканова - художник, педагог-наставник г. Караганда:**

- Город Сарань... Он живёт, стремительно и всесторонне развивается, строится. Здесь очень много интересных зданий, памятников и достопримечательностей.

Два года назад украшением Дома культуры и уютного, светлого города, отмечающегося в этом году 70-летний юбилей стала АРТ-Галерея "MONARBAT" Кайрата Кэй-Кэй. К этому значимому юбилею наша художественная мастерская подготовила проект - серию картин, посвящённых данному юбилею с видами города. Он включает в себя самые значимые здания и объекты городской инфраструктуры для жителей этого прекрасного городка.

Мне, как художнику, захотелось, в первую очередь, запечатлеть на холсте Дом культуры - главный символ города, культурный центр притяжения для жителей Сарани и акимат города Сарани, его административный центр.

Те, кто любит свой город, выросли в нем, знают каждую улицу, каждый его переулок. С тем или иным местом у них связаны теплые воспоминания из детства. Один из самых известных и красивых по архитектуре является Проспект. Он также вошел в серию видов города. Картина получилась очень атмосферной и яркой, в ней передано зрителям то особое настроение, которое присутствовало при написании этой картины и других картин, связанных с городом.

Уникальность художественного проекта от галереи "MONARBAT" с видами города в том, что здесь к каждой картине написаны поэтические зарисовки от известных в городе Сарани поэтесс Татьяны Владимировны Стрельчук и Юлии Борисовны Селивановой. Проект "Виды города Сарани" будет пополняться новыми творческими находками и оставлять в сердцах горожан самые добрые впечатления.

**Мукушев Бекен Раимкулович - карагандинский художник, художник-дизайнер:**

- Рождение картин... Оно всегда происходит в творческих муках, в нахождении своего "Я". "Күйші" - одна из моих картин, посвященных национальному инструменту - домбре. Многие художники обращались к этой теме и воплощали ее в различных техниках рисования. Мне же хотелось, чтобы то, что жило внутри меня, отобразилось как-то по-другому. Тем более, что картина рисовалась в черно-белой графике. В результате я отобразил в ней три стихии: небо, земля, вода, и каждая играла свою роль. Именно через них была показана вибрация, пульсация, колебание струн, происходящих при звучании домбры. А человек, отображенный сидящим на берегу реки, имеет возможность впитывать в себя необыкновенную, божественную, ни на что не похожую музыку космоса, родной степи!

"Шөп науқаны" - "Сенокосная пора". В этой картине отображена пора сенокоса, когда происходит заготовка сена для скота. Она написана в память о моей юности, о незабываемых годах общения с дорогими моему сердцу людьми. Вместе с отцом мы ездили косить сено в 20-25 километрах от нашего поселка. И однажды, в один из таких сенокосных дней, попали под дождь. На загруженной доверху арбе, намокшее вмиг сено стало неимоверно тяжелым, и наш рыжий Орлик, с элегантными белыми полосками на ногах, с трудом тащил арбу вверх, по размокшей от дождя земле, стараясь преодолеть стоящую на его пути сопку. Отец сильно переживал за своего любимца и поддерживал его словами: "Тартағой жануарым, ну давай же, давай, помоги, дорогой!". И конь, падая на колени, находил в себе силы подниматься и идти дальше. Из воспоминаний и родилась эта картина.

Примечательно, что через много лет, один из моих знакомых, почти ровесник, сказал: "Нет, на этой картине я с отцом. И сенокос. И ситуация точно такая же".

Лучшей награды для художника и не надо, когда твое произведение затрагивает тонкие струны души!

...Каждый художник-творец. Ведь он несет в мир радость, эстетику стиля, индивидуальный шарм. И ни одна, даже самая совершенная техника, не заменит кисточки, вычерчивающей на холсте таинство штрихов и мазков, потому что ею правит рука Мастера. А еще сердце, наполненное любовью, стучащее в унисон с поклонниками и ценителями его таланта.

Арт-галерея «MONARBAT» ждет своих зрителей - искренних, благодарных, впитывающих в себя дух высокого искусства!

**ПЕРВЫЙ КАНАЛ**

06.00, 03.35 "ТАМАДА BATTLE".
07.50 "ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ".
08.05, 02.55 "П@УТINA".
09.05 Т/с "БЕЙКҮНӘ".
11.05 "QАЙМАҚ".
11.40 Т/с "ПЕРВОКУРСНИЦА".
15.40 "XFACTOR".
16.45 "ӘГУГАЙ".
18.00 Х/ф "КУРКУЛЬ".
20.00 "АНАЛИТИКА".
20.45 Т/с "ЧУЖИЕ И БЛИЗКИЕ".
00.25 Х/ф "ПИРАТЫ XX ВЕКА".
01.55 "ӘГУГАЙ".

**КТК**

07.05 "МАХАББАТ ӘЛЕМІ".
09.30, 01.00 "ЮМОРИНА".
11.00 Т/с "РЫЖИК".
15.00 Т/с "ӨТКЕН КҮНДЕР".
17.40 "50 ЖЫЛ ЕЛМЕН БІРГЕ".
20.00 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!"
21.00 "ӘНІМ СЕН ЕДІҢ".
22.00 "ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ".
23.00 Х/ф "МУЖ В ХОРОШИЕ РУКИ".
02.00 Т/с "ӨТКЕН КҮНДЕР".
03.00 "50 ЖЫЛ ЕЛМЕН БІРГЕ".

**НТК**

07.00, 04.10 "Екі езу".
07.40, 01.30 Т/с "Қағаз кеме".
08.30 "INSTA LIKE".
08.50 Т/с "ЛЮК - ПУТЕШЕСТВЕННИК ВО ВРЕМЕНИ".
10.00 М/ф "ANGRY BIRDSB КИНО 2".
11.50 М/ф "ПУШИСТЫЕ МОШЕННИКИ".
13.20 Х/ф "ГАРРИ ПОТТЕР И ТАЙНАЯ КОМНАТА".
16.30 Х/ф "ШЕРЛОК ХОЛМС: ИГРА ТЕНЕЙ".
18.55 Х/ф "КОНТРАБАНДА".
21.00 Х/ф "НАРКОКУРЬЕР".
23.20 Х/ф "УИДЖИ: ДОСКА ДЬЯВОЛА".
00.50 "Қызық Live".
02.20 "ТАВОО".
03.50 "INSTA TV".

**31 КАНАЛ**

06.00, 05.20 Әзіл студио.
07.00 BalaFunny.
07.30 М/с.
08.30 "Күліп ALL".
09.00, 02.00 TikTok show.
09.30, 01.30 Time Vine.
10.00 "TeleBingo".
10.25 Х/ф "Хотя бы в кино 2".
12.45 Х/ф "Книга джунглей 2".
14.25 Х/ф "Дамбо".
16.45 Х/ф "Исход: Цари и боги".
19.45 Х/ф "Перевозчик 3".
22.00 Х/ф "Призрачный гонщик".
00.20 "Qazaq Stand Up".
02.30 "31 әзіл".
04.00 1001 Әзіл.
04.10 Ризамын.
04.30 BALA BATTLE.
05.00 What's up?

**АСТАНА**

06.00 "Қош келдіңіз".
06.45 Т/с "Ене".
07.15 М/ф.
09.00, 21.00 Т/с "Осман 4".
10.00, 21.55 Т/с "Ана бақыты".
12.00 Т/с "Қарлығаш күзет агенттігі".
12.40 "Шымкент шоу".
15.00 Т/с "Зу-зу Күлпәш".
17.10 Х/ф "Аким".
19.20 Х/ф "Я пышка".
23.40 "Жұлдызды жекпе-жек".
01.20 Х/ф "Семья".

**5 КАНАЛ**

10.00, 20.00 Ауа райы болжамы. Прогноз погоды.
10.05 "Моя Караганда".
10.20, 22.05 "Жақсылардан ғибрат".
10.45 "Ерлер ел ішінде".
11.10 "Ұлы дала ұлағаты".
11.45 "МультУтро".
12.00, 16.30 Ретро-показ.
12.30, 23.30 "За порогом".
13.00 "Соседи по планете".
13.30 "Баршаға қатысты бар".
13.45 "Тәуелсіздік тәуекелдері".
14.30 "Беймәлім Алаш".
15.00 "Аңызды жоққа шығару".
15.15 "Қарағанды спортының 100 есімі".

## ВОСКРЕСЕНЬЕ 18 февраля

16.00, 19.45, 01.50 Д/ф.
16.10 Ретро-показ.
17.00 "Мир православной духовности".
17.30, 22.00 Прогноз погоды. Ауа райы болжамы.
17.35 "Сайгез".
18.05 "Азия айнасы".
18.30, 01.20 Т/с "Әселдің құрбы-құрдастары".
19.00 Т/с "Жабайы адам".
20.05 "Интервью против правил".
20.45 "От всего сердца".
21.50 "Сау болайық".
22.30 "Қазақ даласының құпиялары".
23.00 "Неформат".
00.15 Ретро-показ.

**НОВОЕ ТЕЛЕВИДЕНИЕ**

06.00, 15.00, 03.00 "Жүректен жүрекке".
08.30, 23.00 "Сәтті күн".
09.00, 10.45, 19.50 "MyasSAGAn".
10.00 "QOSALQA".
11.00 Т/с "Подружки".
13.00, 20.00 Т/с "Синдром жертвы".
22.00 "ОБЗОР МИРОВЫХ НОВОСТЕЙ".
22.30 "Своими руками".
00.00 "Три Товарища".
01.30 "Подкасты".
01.45 "Зеленая волна".

**ХАБАР**

05.00 Т/с "Үкім".
08.00 Концерт. "Вальс".
10.00 Х/ф "Зубная фея".
12.00 М/ф.
13.25 М/с.
14.00 "Covershow".
16.00 Т/с "Келінжан 4".
18.15 "Алғашқы".
19.30 "Қызық times".
21.00 "7 күн".
21.40 "Отдел журналистских расследований".
22.00 Х/ф "Первая дочь".
00.00 "Әке бақыты".

**СЕДЬМОЙ КАНАЛ**

06.00, 05.00 "Қуырдақ".
06.50 "Келесі кім?"
07.50, 00.40 Концерт "15 жыл сахнада!"
09.00 "Юморина".
12.00 Т/с "Пустой дом".
16.00 "Қызықты weekend".
17.00, 02.50 Харекет қорына 5 жыл.
19.00 Т/с "Любовь вне конкурса".
23.00 Х/ф "Инстаграмщица".
04.40 "Япырай".

**КАЗАХСТАН**

06.05 "Ауылдастар".
06.30, 03.20 "Шаңырақ".
07.00 "Күміс көмей".
07.45 Д/ф "Дәуір даналары".
08.35 "Сағындырған әндер-ай!"
10.00 Т/с "Қилы күндер".
12.00 "Егіз лебіз".
14.40 М/ф.
16.10 "ІНЖУ-МАРЖАН".
17.20 "ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ".
18.00 Т/с "ҚИЛЫ КҮНДЕР".
20.00 "АПТА".
20.50 "АҚОРДА".
21.00 Бүркіт пен Аишаның концерті.
22.15 Т/с "БАУЫРЛАР".
23.10 Х/ф "Көкжалдар".
00.50 Т/с "Ауыл мұғалімі 2".
02.20 "Апта".
03.10 "Ақорда".

**РЕДАКЦИЯ ГАЗЕТЫ НЕ НЕСЕТ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ИЗМЕНЕНИЯ В ПРОГРАММЕ ТЕЛЕВИДЕНИЯ**

**МАҢЫЗДЫ**

# ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БІРІНШІ ОРЫНДА

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің негізгі функцияларының бірі мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы бақылау және қадағалау, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеу және қызмет алушылардың бұзылған құқығын қалпына келтіру болып табылады.

Бұл бағытта Агенттікпен және аумақтық департаменттерімен былтырғы жылы жүзден астам қызмет алушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Соның ішінде, Қарағанды облысының Приозерск қаласының тұрғынының бұзылған құқығы қалпына келтірілді.

Атап айтқанда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне қызмет алушы Приозерск қаласының тұрғыны тұрғын үйді жекешелендіру қызметі бойынша бұзылған құқықтарын көрсете отырып шағым білдірді. Шағымды қарау барысында қызмет көрсетушімен мемлекеттік қызмет көрсету қағида талаптарының бұзылғандығы, яғни қызмет алушыға мемлекеттік қызметтің нәтижесі келісім шарт уақытылы ұсынылмағандығы анықталды.

Департамент қызметкерлерінің араласуымен қызмет алушыға мемлекеттік қызмет нәтижесін алуға қол жеткізіліп, қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Басқа бір жағдай бойынша, қызмет алушы мүгедек баланы асыраушысы бола тұра, құжат рәсімдеуде заңмен қарастырылған жеңілдікті пайдалана алмаған.

Аталған факт бойынша Департамент қызметкерлері тексеріс жүргізіп, нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету ақпараттық жүйенің жетілдірілмегендігінен қызмет алушыдан мемлекеттік баж төлеу міндеттелгендігі анықталды. Бұл бойынша Департаментпен орталық мемлекеттік мекемелерге тиісті хаттар жолданып, қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Яғни, қызмет алушы заңнамада көзделген жеңілдікпен құжат рәсімдеуге қол жеткізді.

Жоғарыда аталған ақпараттық жүйедегі кемшілік республика көлемінде орын алып отырғандықтан, Департаментпен уәкілетті мемлекеттік мекемелерге ақпараттық жүйені жетілдіру қажеттілігі туралы хаттар жолданды.

Егерде мемлекеттік қызмет алу кезінде осыған ұқсас құқықтарыңыз бұзылған болса Сіз де мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне жүгіну арқылы өз құқықтарыңызды қорғай аласыз.

**Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының басшысы А. Абдикаримовтың мақаласы**






# *РЕКЛАМА *ОБЪЯВЛЕНИЯ*

Қарағанды облысының кадрлық комиссиясы Қарағанды облысының өңірлік резервіне іріктеудің басталғанын хабарлайды.

Өңірлік резервке алынатын кандидаттарға келесі талаптар қойылады:

1) Қазақстан Республикасының азаматтылығы;
2) құжаттарды тапсыру сәтінде жасы отыз бес жастан аспаған;
3) жоғары білімі болуы;
4) үш жылдан кем емес еңбек өтілі болуы тиіс.

Іріктеу келесі салалық бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) индустрия және өнеркәсіп;
2) экономика және қаржы;
3) әлеуметтік сала;
4) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым;
5) агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары;
6) цифрландыру;
7) экология.

Құжаттарды қабылдауды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті 2024 жылғы 1-31 наурыз аралығында (қоса алғанда) өңірлік резервке іріктеу жөніндегі онлайн-платформада (onir.pkrezerv.gov.kz) кандидатты тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Жеке кабинетке кіру кандидаттың логині мен паролі бойынша дербес жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, үміткер құжаттарды қағаз жеткізгіште немесе электронды түрде ұсына алады.

Құжаттар электрондық пошта арқылы немесе мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 39, (2-қабат).

Бұл ретте, құжаттарды қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде берген кандидаттарда онлайн-платформада (onir.pkrezerv.gov.kz) тіркеліп құжаттарды тапсырғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде, бірақ 2024 жылғы

31 наурыздан кешіктірмей жүктейді.

Іріктеуге қатысу үшін құжаттар тізімі туралы ақпаратты және басқа мәліметтерді (onir.pkrezerv.gov.kz) онлайн-платформадан, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің www.qyzmet.gov.kz интернет-ресурсында , сондай-ақ Департаменттің әлеуметтік парақшаларында @elgeqyzmet.qaragandy,

@qaragandy.onir.rezerv.kz және келесі телефондар арқылы: +7 (7212) 50-40-23, +7 (7212) 50-33-83, +7 705 902 0525 алуға болады.

Кадровая комиссия Карагандинской области объявляет об отборе в Региональный резерв Карагандинской области.

Требования к кандидатам для зачисления в Региональный резерв:

1) гражданство Республики Казахстан;
2) возраст не старше 35 лет на момент подачи документов;
3) наличие высшего образования;
4) трудовой стаж работы не менее трех лет.

Отбор пройдет по следующим отраслевым направлениям:

1) индустрия и промышленность;
2) экономика и финансы;
3) социальная сфера;
4) жилищно-коммунальное хозяйство и инфраструктура;
5) агропромышленный комплекс и земельные отношения;
6) цифровизация;
7) экология.

Прием документов осуществляется Департаментом Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по Карагандинской области с 1 по 31 марта 2024 года (включительно) на онлайн-платформе по отбору в региональный резерв (onir.pkrezerv.gov.kz) путем регистрации кандидата. Вход в личный кабинет осуществляется по логину и паролю кандидатом самостоятельно.

Также, кандидаты могут представить документы на бумажном носителе либо в электронном виде. Документы принимаются по электронной почте либо нарочно по адресу: г. Караганда, проспект Н.Назарбаева, 2 этаж.

При этом, кандидаты, подавшие документы на бумажном носителе либо в электронном виде, также регистрируются на онлайн-платформе (onir.pkrezerv.gov.kz) и загружают документы в течение одного рабочего дня после подачи документов, но не позднее 31 марта 2024 года.

Подробную информацию о перечне документов для участия в отборе и другие сведения можно получить на онлайн-платформе (onir.pkrezerv.gov.kz), интернет-ресурсе Департамента Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по Карагандинской области www.qyzmet.gov.kz, на страницах департамента в социальных сетях @elgeqyzmet.qaragandy, @qaragandy.onir.rezerv.kz, а также по телефонам: +7 (7212) 50-40-23, +7 (7212) 50-33-83, +7 705 902 0525.

Продается 2-этажный коттедж с мебелью и бытовой техникой. В доме – центральная канализация и водопровод. На территории двора уложена брусчатка, есть беседка на 12 человек с коваными столами и скамьями, камин из шамотного кирпича, огород, теплица. Котельная расположена вне дома, установлен котел «DAKON" (пр-во Чехия), очень экономичный. Фасады дома, котельной, хоз. построек отделаны сайдингом. Реальному покупателю – торг. Если телефон недоступен, пишите в вотсап. Все вопросы по номеру: 8 – 701 – 615 – 89 – 75.

## * ТРЕБУЕТСЯ * * ТРЕБУЕТСЯ *

На предприятие требуются: сборщики РТИ, прессовщики, вальцовщики, электрогазосварщики, электрики, разнорабочие. При необходимости возможно обучение на базе самого предприятия. Заработная плата выплачивается своевременно + полный соц. пакет.

На мини-котельную требуются кочегары (без ограничения возраста)

Обращаться: г. Сарань, ул. Чкалова, 2/4 (возле сауны «Эдем»). Т.: 5-21-71, 87026552338.

ТОО «Sunpaper» требуется грузчик, разнорабочий, водитель погрузчика, укладчик, оператор, кладовщик, экспедитор. Звонить по номеру: 8-775-282-90-18.

В отдел требуется бухгалтер.

Условия:

• Официальное трудоустройство согласно ТК РК;
• Стабильная заработная плата;
• График работы: свободный 0,5 ставки (возможна работа по совместительству);

Обязанности:

• сопровождение (консультации) Гос. учреждений и Гос. предприятий (КГКП, ГККП) по работе в 1С.Бухгалтерия, помощь по вопросам бухучёта

Требования:

• Опыт работы бухгалтером или главным бухгалтером – в Государственном учреждении или в Государственном коммунальном казенном предприятии.
• Знание 1С
• Знание бухгалтерских проводок (ГУ, КГКП, ГККП)

Телефон для связи +7 701 524 15 21.

## УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ *

Уголь, шлам, песок, балласт. Грузоперевозки. Т.: 5-29-98, 8-705-251-70-92.

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: 8-747-703-48-50, Ирина.

**Предлагаю профессиональный** ремонт имп. ТВ, холодильников, стир. маш.-автомат, микр. печей. На дому, с гарант. Т.: 8-777-396-81-27

Все виды ремонта квартир, электрик-сантехник-плотник. Т.: 8-771-372-56-88, 8-702-359-46-02.

Организация изготовит все виды ограждения:
из проф.листа, металлическое, железобетонное.
Также: ворота, калитки, решетки, мусорные баки, скамьи, мангалы и т.д.
тел. 87024051538, 87772332168, 8(72137)7-27-47.
г.Сарань, ул. Рабочая, 22б.

## * АРЕНДА * АРЕНДА *

Сдается в аренду торговая площадь с возможностью поставить бутик. г.Сарань, ул.Победы, 70, маг. «Нургуль». Т.: 8-701-405-15-38, 8(72137)7-27-47.

Грузоперевозки, газель 4 метра, переезды, доставка мебели, вывоз мусора. Т.: 8-776-545-49-93

## ДОМА

Срочно продается дом. Т.: 5-19-21.

МЕСТО ВАШЕЙ РЕКЛАМЫ

На котельную №2, №3, №28, №38, 12 БИС, котельная АСО требуются кочегары, зольщики (заработная плата 280 000 тг, полный соц. пакет). Т.: 8-775-715-64-60, 8-778-437-49-61.

## * КУПЛЮ * КУПЛЮ *

Монеты, значки, открытки и банкноты СССР, не ходовые (старого образца) банкноты тенге.

Т.: 8-701-715-60-49.

Фарфоровые статуэтки, игрушки и «сувенирные» машинки СССР.
Т.: 8-776-134-52-30.

Продаю дрова. Пилено-рубленные в мешках.
Тел: 8 707-306-39-14, 8 707-236-53-62.















## РОДИТЕЛЬСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ




### Что могут сделать родители, чтобы предупредить ситуацию уходов детей из дома

➢ Осознание факта, что ваш сын или дочь - уже не ребенок, и требует, чтобы и отношения с ним были партнерские.

➢ Общение со сверстниками необходимо подросткам, и они чувствуют себя неполноценными, если это стремление остается нереализованным. Очень важно, чтобы у детей была возможность встречаться с друзьями дома. И тогда дом для детей станет самым притягательным местом.

➢ Никогда не угрожайте подростку, что выгоните его из дома, если он сделает что-то не так. Подросток воспринимает угрозы как руководство к действию.

➢ Старайтесь вместе решать, как проводить досуг. Если свободное время заполнить интересными и полезными занятиями, многие проблемы будут решены.

➢ Старайтесь принимать любые откровения сына или дочери как признак огромного доверия к вам. Ни в коем случае не высказывайте категорических суждений в его адрес. Не отбивайте у подростка желание советоваться с вами.




| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сараң газеті | Директор ТОО «Саран тынысы», главный редактор Б.Е. МАЙПАСОВА | Газета зарегистрирована в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан. Свидетельство 16307-Г от 18.01.2017 г. (номер и дата первичной постановки на учет № 869-Г, 16.09.1999 г.) | Собственник: ТОО «Саран тынысы» | Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1 Тел., факс: 5-10-15 sarangazeti@mail.ru | Выходит два раза в неделю, форматом А-3 Тираж 1016 / Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас | Газета набрана и сверстана в редакции | Отпечатано в ТОО "Типография "Арко" 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева,15 Печать офсетная. Заказ № 12 | Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели. |